

**Жадынама**  
**Баласының сеніміне кіру үшін ата-анаға қажетті кеңестер.**

**Құрметті ата – ана!**

Қазақ халқы дүниеге жаңа келген баланы періштеге теңеген. Ал сол баланың қандай болып ер жетуіне ең алдымен ата-ана тәрбиесінің ықпалы күшті екені жасырын емес. Ата-ана тәрбиесінің өз жемісін беруі, баланың тәрбиелі болып ер жетуі көп жағдайда бала мен ата-ана арасында өзара сенімнің болуына байланысты.

Сондықтан төменде берілген кеңестерге назар салыңыз!

- Балаңызға қандай жағдайда болса да көмек сұрап келген кезде көмектесуге әзір болыңыз;
- Мектепте күнделікті болып жатқан оқиғалар туралы балаңыздан сұрап біліп отырыңыз;
- Балаңыздың бойындағы, көңіл – күйіндегі өзгерістерді үнемі бақылап жүріңіз;
- Әр түрлі шешімі қиын мәселелерге байланысты пайдалы ақыл кеңестер беруге тырысыңыз;
- Балаңыздың жас ерекшеліктерін ескеріңіз, балаңызға кеңес бермес бұрын мектеп психологынан немесе класс жетекшісінен кеңес алып, тығыз байланыста болыңыз;
- Балаңыздың достарының қандай екенін ертерек анықтаңыз;
- Балаңызды мектепте және мектептен тыс уақыттағы тәрбиесін үнемі қадағалап отырыңыз;
- Балаңыздың болашағына – отбасындағы тәрбиенің елеулі әсер тигізетінін ұмытпаңыз;
- Балаңызға берген уәдеңізді әрқашанда орындаңыз.

**Жадынама**  
**Егерде сен қиын жағдайға тап болсаң!**

**Құрметті оқушы!**

Өмір жолы - қиын жол. Сол жолда адам баласы сан қилы қиындықтарды басынан өткеріп, оларды ерік – жігерін жұмылдыра отырып еңсеруге тырысады. «Алынбайтын қамал жоқ» демекші адамның сол қиындықтарды жеңуге өз тарапынан құлшынысы, ұмтылысы болса, бәрін де жеңіп, алдына қойған арман – мақсаттарына жетуге ерік- күші толық жетеді. Бұл қиындықтар күнделікті өзіңді қоршаған адамдармен (ата-ана, достарың, мұғалімдер, өзге де ересек адамдар) қарым – қатынаста кездесетін келіспеушіліктер, дау- жанжал, т.б. жағдайлар болуы мүмкін.

Сондықтан төменде берілген кеңестерге назар аударған жөн!

- әрбір баланың ең бірінші ақылшысы - ата –анасы. Сол себепті мектепте болатын түрлі жағдаяттарда өз – өзіңді қалай ұстау жөнінде ата-анаңмен ақылдас;
- мұғалімнің берген ескертулерін, жазалау шараларын түсіністікпен қабылдап, өз кемшіліктеріңді жоюға тырыс;
- мектепте сыныптастарыңмен, өзге оқушылармен, мұғалімдермен сыйластық қарым – қатынаста болуға тырыс;
- себепсіз пәле-жаладан өз – өзіңді қорғау үшін әр уақытта да шыншыл бол, өз ойыңды еркін айта біл, өз құқығыңды қорғай біл;
- мектепте жүрген кезіңде шешімі қиын мәселелерде саған ақылшы болатын, көмек қолын созатын мұғалімдер, сынып жетекші, мектеп психологі бар екенін есіңде ұста;
- қандай қиын кедергілерге кездессең де оны жеңуге болатынын біліп, ерік- жігеріңді соған жұмылдырып, жоюға тырыс;
- «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей өзінің кездескен қиындықтарыңды шамаң келгенше өзің қажет деп тапқан адамдарыңмен бөлісіп, олардан ақыл – кеңес, көмек сұрауға тырыс.

